

Пән бойынша: Түркі халықтарының тарихы
Тақырыбы: Қазақ ұлтының қалыптасу және мемлекетінің құрылу тарихы

Студенттің аты-жөні: Болатбеков А. А.

Мамандығы: 5В011400 Тарих

Т(б)-16қ тобы.

Жетекші: т.ғ.к. доц. Картова З.К

Мазмұны

Кіріспе.....	3
I ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ЭТНОГЕНЕЗИНІҢ БАСТАЛУЫ. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ	
1.1. Қазақ халқының шығу тегіндегі антропологиялық және этникалық жақтары.....	4
1.2. Қазақ халқының құрылуының негізгі кезеңдері және этнос ретінде қалыптасуының аяқталуы.....	6
1.3. Қазақ жүздері: пайда болуы және этникалық аумағы.....	9
II ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ	
2.1. Қазақ хандығы құрылуының кезеңдері мен барысы.....	16
2.2. Керей мен Жәнібек хандардың Қазақ хандығының нығаюындағы рөлі және орны.....	20
2.3. Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы.....	25
Қорытынды	
Пайдаланылған әдебиеттер	

***Қазақ
этносының
негізі***

**1.Сақтар
2.Үйсіндер
3.Қаңлылар**

**1.Түркілер
2.Қарлұқтар
3.Қимақтар**

**1.Наймандар
2.Қыпшақтар
3.Керейлер**

➤ **Қазақ халқының қалыптасуы.** Қазақ жерінде халық болып құрылу процесі алғашқы қауымдық құрылысы ыдырап, одан кейін қола дәуірі (б.з.д.2-1 мың жылдықтар) мен темір дәуірі (б.д.д. 7-4ғғ.) кезеңдерінен басталады. Олар негізінен Қазақстанның жерін мекендеген (байырғы) тайпалардан құралған. Орта Азия мен Қазақстанның ерте дәуірдегі кезеңдерін зерттеп жүрген ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, біздің жерімізде қола дәуірі (Андрон, Бегазы-Дәндібай мәдениеттері) мен темір дәуірінде өмір сүрген тайпалардың (сақ, сармат) иран тілдес болғандығы айтылады. Қазақ халқының бастауына сақтар, үйсіндер, қаңлылар да кіреді.

Бірінші кезеңде лингвистикалық тіл жағынан Қазақстан Тұрғындары үндіевропалық топтың ежелгі иран тобына кіреді. Бұл кез б.з.д. 3-1 мыңжылдықтарды қамтиды.

Екінші кезеңде Қазақстанға шығыс жақтан көшпелі тайпалардың, ғұндардың Батысқа қарай қоныс аударуына байланысты, сақ және сармат тайпаларының жалғасы – үйсін мен қаңлылар ғұн тайпаларымен араласып, ассимиляцияға түскен.

- Үйсіндер мен қаңлылардың монголоидтік нәсілге өту процесі тарихи деректерге қарағанда б.з. 1-5 ғғ. қамтиды, мұның өзі жергілікті жұрттың кескін-кейпіне, оның тіліне әсер еткені даусыз. Б.з. 6 ғасырынан бастап үйсін, қаңлы және басқа тайпалар тарих сахнасынан көрінбейді, аттары аталмайды. Оған себеп, бұл кезде Қазақстан жерінде, оңтүстік аймақта шығыстан Алтай, Сібір жақтан келген түркі тайпаларының басымдығынан болса керек. Олар негізінен байырқу, Бұлақ, қарлұқ, кимек, қыпшақ тайпалары еді. 6 ғасырда Қазақстан жері Түркі қағанаты құрамына енді. Осы қағанаттар құрамында 30-дан астам түркі тілдес ру-тайпалар болды. Үйсіндер мен қаңлылар оларға сіңісіп кеткен. 702 жылы Батыс түркі қағанаты тарағаннан кейін оның орнына Түргеш қағанаты (704-756), Қарлұқ қағанаты (756-940), Оғыздар (9 ғ. соңы 11 ғ. басы), Кимек қағанаты (893-11 ғ. б.), Қыпшақтар (11-1219 ж.), Қарахандар (942-1212 ж.) өмір сүрді.

*халықтың
өзіне тән
мәдениетінің
қалыптасуы*

*халық мекендеген
аумағының
қалыптасуы*

*өзін бір
халықтың өкілі
санайтын елдік,
халықтық
сананың орнығуы*

*Халықтың халық болып
қалыптасуы үшін қажетті
шарттар*

*халықтың
өзіне тән
антропологи
ялық бет
пішінінің
қалыптасуы*

*халықтың
ортақ
атауының
қалыптасуы*

*халықтың
тілінің
қалыптасуы*



➔ *1-кезең – арғытүріктер (прототүріктер) дәуірі. Бұл б.з.д. II мыңжылдықтан VI ғасырдың ортасына дейінгі уақыт*

➔ *2-кезең – түркілік кезең (түрік Дулудардың, Телелер одағының, Сіренда бірлестігінің және қағанаттар құрылымындағы рулық-тайпалық бірлестіктердің өмір сүрген уақыты). VI ғасырдың орта шенінен IX ғасырдың орталарына дейін*

➔ *3-кезең – арғы қазақтар (протоқазақтар) кезеңі. (Қыпшақ, Найман, Дулат, Алышын, Керей, Қаңлы, Қоңырат, Жалайыр, Арғу және т.б. тарихи этнонимдердің елге кеңінен танылуы). IX ғасырдың орта шенінен XIII ғасырдың басына дейін*

➔ *4-кезең – Алаш қауымдастығының қалыптасу кезеңі. (Түргеш Алаш шор ұлысы – Үш сан Алаш мыңы – Алты сан Алаш – Он сан Алаш). XIII ғасырдың орталарынан XV ғасырдың соңына дейін*

➔ *5-кезең – Қазақ қауымдастығының қалыптасуы (Қазақты құраған қырықтан астам тайпаның «Он сан Алаш» төңірегіне бас біріктіруі). XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейін.*

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

Қазақ халқының қалыптасуы XV ғ. екінші жартысы мен XVI ғ. бас кезінде, тәуелсіз Қазақ хандығы қалыптасқан кезде аяқталды. «Қазақ» (этноним) деген атаудың шығуы туралы көп пікір бар. Ең алғаш «Қазақ» сөзі мұсылман жазба деректеріндегі авторы белгісіз түркі-араб сөздігінде кездеседі. Ол сөздік мамлюктік Қыпшақ елінде құрылған деген болжам бар. Сөздік 1245 жылғы қолжазба түрінде жеткен. «Кезбе», «еркін» деген мағыналары берілген.

XVI ғ. 20 жж. Қасым хан қайтыс болғаннан кейін орын алған билік үшін күрес хандықты әлсіретті (Мамаш, Тахир, Бұйдаш, Ахмет, Тогым). Хақназар ханды (1538-1580) «қазақтар мен қырғыздардың патшасы», «қазақтар мен ноғайлардың ханы» деп атаған. Шығай 1580-1582 жылдары хан болды. Тәуекел (1582-1598 жж.) Сыр бойындағы қалалар үшін Абдолламен күресті бастайды.

Қазақ жүздері туралы


Қазақ жүздері – XX – XVI ғасырлар аралығында Қазақстанның әр өңірінде қалыптасқан тайпалар одағы. Жүздердің шығуы мен «Жүз» атауының тарихи мәні туралы ғылыми тұрғыда дәлелденген ортақ пікір әлі жоқ. Кейбір зерттеушілер бұл атауды әлде бір бүтін нәрсенің, құбылыстың «бөлшегі», «саласы», «бір жағы» деп қарастырса, енді біреулер оны «жүз», «жүздік» сандарымен байланыстырады.



- Қайткен күнде де қазақ жүздерін «өзінің саяси, экономикалық, тілдік және мәдени тұтастығымен сипатталатын дербес халықтың жеке бөлшектері» ретінде қарастырған жөн болар.
- Қазақ жүздерінің қашан, қандай жағдайларға байланысты шығуы туралы да дәлелденген ортақ пікір жоқ. Н. И. Гродеков, Г. Н. Потанин және Н. А. Аристов сияқты зерттеушілер қазақ жүздерінің шығуы туралы кейбір халық арасына кеңінен тараған аңыз — әңгімелерді келтірумен ғана шектелген.

Жүздік құрылым туралы

- Дәстүрлі қазақ қоғамы үш жүзден тұрады: Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз. Жүздердің шыққан уақыты, шығу себептері, ішкі мазмұны жөнінде ғалымдардың арасында әлі ортақ пікір жоқ.



- В. Бартольд: "Қазақ жүздерінің пайда болуына географиялық фактор әсер етті, табиғи-географиялық жағдайға икемделу және аумақтық оқшаулану жүздердің мәдени-шаруашылық ерекшеліктерін қалыптастырды", — деп есептейді.
- Михаил Порфирьевич Вяткин В.В.Бартольдпен келісе отырып: "Жүздердің құрылуына табиғи-географиялық себептермен қатар саяси оқиғалар әсер етті, жекелеген ордалар ерекше саяси одақтар ретінде XVI ғасырдың аяғында қалыптасты", — дейді.
- С. Аманжолов: "Қазақ елі, жері үш жүзге моңғолдарға дейінгі кезеңде — X—XII ғасырларда бөлінді", — деп есептейді.

М. С. Мұқановтың пайымдауынша, қазақтың жүздері этноәлеуметтік ағзаның жоғары санаттарының бірі. "Этноәлеуметтік организм" деп этностық, әлеуметтік, шаруашылық, саяси бірлестіктерді түсінеміз.

Қазақ жүздерінің мынандай ішкі белгілері бар:

- а) ішкі аумақтық тұтастық;
- ә) этностық туыстық;
- б) шаруашылық-мәдени бірлік;
- в) саяси басқару ортақтастығы.

Жүздер жөніндегі нақты деректер XVIII ғасырдың бірінші ширегінен бастап кездеседі. 1731 жылы қазақтардың бодандығы жөніндегі келіссөзге Кіші жүз арасына келген А.Тевкелев былай деп хабарлайды: "... қырғыз-қайсақ ордасы үш бөліктен, атап айтқанда: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзден (Үлкен орда, Орта орда, Кіші орда) тұрады".

Үштік бөлініс қазақ жерін мекендеген көне тайпалардан келе жатқан дәстүр. Сақтар: тиграхаудау хаомаварға және парадарайя болып үш бөлікке бөлінген. Көне үйсіндерде, көне түркі-моңғол көшпенділерінде үштік одаққа бөліну дәстүрі болған. Бұдан біз, жалпы, үштік бөлініс қазақтардың арғы тектерінің дәстүрінде бар екенін көреміз.

Кең-байтақ қазақ жерінде мұндай үлкен одақтар құру саяси, әскери-қорғаныс, шаруашылық-ұйымдастырушылық, басқару қажеттіліктерінен туындаған. Мұндай одақтар қазақ жерінде қыпшақтар заманын бастап құрылған болуы керек. Ал мұндай жүздік одақтарға бөлінудің аяқталуы қазақ халқының құрылуы кезеңімен сәйкес келсе керек.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАР



Керей хан

Суретші: Н.Қарымсақов



Жәнібек хан

Суретші: А.Бұхарбаев

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ НЫҒАЮЫ

- *Қазақ хандығы — шаруашылықтың дамуы, өндіргіш күштердің өсуі, феодалдық қатынастардың қалыптасуы нәтижесінде ерте заманнан бері Орта Азияның ұлан-байтақ өңірін мекендеген көшпенді этникалық топ — қазақ халқының негізінде бірігуі арқылы XV-ғасырдың орта шенінде құрылды. Қазақ хандығының құрылуына 1457-жылдан кейін Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріндегі Шу мен Талас өңіріне қоныс аударуы себеп болды.*

Қазақ хандығы Қасым хан тұсында (1511-1521жж.) нығая түсті. «Тарих-и-Рашиди», «Шайбанинама» және т.б. деректерге қарағанда ХҮІ ғасырдың екінші он жылдығында Қасым хан қазіргі қазақ жерінің далалық аймағын түгел бағындырды. Хандықтың шекарасы оңтүстікте Сыр жағалауынан Жайық өзеніне дейінгі аймақты қамтыды.

Қасым хан Ұлы князь Василий III (1505-1533) кезіндегі Мәскеу мемлекетімен дипломатиялық қатынаста болды. Осы кезеңде қазақ халқы туралы мәлімет батыс Еуропаға да белгілі болды. Мәскеуге бірнеше рет келген (1517, 1526) Австрия дипломаты Сегизмунд Герберштейн өзінің дипломатиялық жазбаларында Қазақ хандығы туралы баяндаған.

Елбасы Н.Назарбаевтың 2014 жылы халыққа арнаған Жолдауында Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту туралы тапсырмасы елімізде, қоғамдық санада жаңа бір сілкініс туғызып, халықаралық ірі саяси оқиға болып атап өтілді. Бұл қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда аса қуатты шара болып табылды. Керей мен Жәнібек хан құрған Қазақ хандығы тарих сахнасына көтер-ілгеннен бастап талай тар жол, тайғақ кешулерге толы жылдар мен ғасырларды бастан кешті. Деректік негіздермен дәлелдей отырып, 1465-1466 жылдары құрылған мемлекет қазіргі Қазақстан аумағын-дағы хандық мемлекеттің жаңа құрылымын жасады. Бұл мемлекетті саяси тұлғалардың алып бәйтеректері Керей мен Жәнібек сұлтандар құрды және жетекшілік етті. Біздің бүкіл өткен тарихымыз жаулас елдердің, жау болмаған күннің өзінде жат жұрт өкілдерінің қолымен жазылып өздерінің мүдделеріне сай бұрмаланып келгендігін есте сақтап, тәуелсіздігіміздің кепілі ретінде ол өткен тарихтағы ақиқатты бұрмалап «ақтаңдақтар» жасауға жол бермеуіміз қажет.

*НАЗАР ҚОЙЫП
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!*

